«6D051300 – Әлемдік экономика» мамандығы бойынша
PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған
ОТАРБАЕВА АЙНА БОЛАТОВНАНЫҢ
«Қазақстанның ЕО мемлекеттерімен инвестициялық ынтымақтастығының басымдықтары» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі жаһандық инвестициялық ағындар құрылымының өзгеруімен және дамушы елдер арасында капитал тарту жөніндегі бәсекелестіктің күшеюімен айқындалады. БҰҰ Сауда және даму жөніндегі конференциясының деректеріне сәйкес, 2023 жылы әлемдік тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) көлемі 2%-ға төмендеп, 1,3 трлн АҚШ долларын құрады, ал дамушы елдерге инвестициялар ағыны 7%-ға азайып, 867 млрд АҚШ долларына дейін төмендеді. Қазақстан неғұрлым осал жағдайда қалды: 2024 жылы ТШИ көлемі өткен жылмен салыстырғанда 25%-ға қысқарды, бұл инвестициялық тартымдылықты қолдаудағы жүйелік шектеулердің бар екенін көрсетеді. Осындай жағдайда инвестициялық үдерістерді талдау мен реттеудің жаңа тәсілдерін іздеу тек экономикалық басымдық емес, сонымен қатар ұлттық дамудың стратегиялық міндетіне айналып отыр.

Аймақтық деңгейде зерттеу ерекше маңызға ие, себебі Еуропалық Одақ – Қазақстанның стратегиялық әрі ең ірі инвесторларының бірі. 2023 жылы ЕО-ның инвестициялары елдегі жалпы шетелдік инвестициялар көлемінің 56,7%-ын (10 365,1 млн АҚШ долл.) құрады. Алайда 2024 жылы еуропалық ТШИ 4,7%-ға төмендеп, ЕО-ның Орталық Азиядағы көршілес елдерге, әсіресе Өзбекстан мен Түрікменстанға инвестициялық белсенділігінің артуымен қатар келді. Бұл жағдай бәсекелік қысымды күшейтіп, инвестициялық ағындарды әртараптандыру, шикізаттық емес секторларды ынталандыру және Қазақстанның өңірлік бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігін өзекті етті. Осы тұрғыда Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы инвестициялық өзара іс-қимылды зерттеу дәстүрлі екіжақты ынтымақтастық шеңберінен шығып, стратегиялық және геоэкономикалық мәнге ие болады. ЕО-ның «Global Gateway» бағдарламасын іске асыру жаңа инвестицияларды тартуға ғана емес, сонымен қатар олардың салалық және географиялық құрылымын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Бұл екі тараптың да ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келеді және өңірлік интеграцияны нығайтуға ықпал етеді.

Ішкі факторлар да инвестициялық саланың осалдығын күшейтіп отыр. Біріншіден, экономиканың жоғары деңгейдегі шикізаттық тәуелділігі сақталуда: еуропалық ТШИ-дың шамамен 77%-ы кен өндіру секторында шоғырланған, ал негізгі инвестициялар Нидерланда, Италия, Франция және Германия сияқты шектеулі елдер тобынан келеді. Екіншіден, аймақаралық теңсіздік айқын байқалады: мысалы, 2023 жылы Атырау облысына тартылған инвестиция көлемі (3843,68 млн АҚШ долл.) Жамбыл облысына түскен

инвестициялардан (182,5 млн АҚШ долл.) 20 есе жоғары болды. Үшіншіден, өңірлердің инвестициялық әлеуетін бағалаудың әдіснамалық мәселесі әлі де шешілмеген: дәстүрлі тәсілдер кеңістіктіктегі (эконометрикалық) өзара байланыс модельдерін, экономикалық белсенділіктің диффузиясын және инновациялық факторлардың рөлін ескермейді.

Аталған сын-қатерлер зерттеудің әдіснамалық және тәжірибелік маңыздылығын айқындайды. Бір жағынан, инвестициялық үдерістерді талдаудың кеңістіктіктегі эконометрика құралдарын және дәстүрлі экономикалық-статистикалық әдістерді біріктіретін кешенді тәсіл қажет. Екінші жағынан, еуропалық инвестициялардың көздері мен бағыттарын әртараптандыру, сондай-ақ өңірлік теңсіздіктерді азайту бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарды әзірлеу қажеттілігі туындап отыр.

Шетелдік капитал үшін жаһандық бәсекелестік күшейіп, Қазақстанның халықаралық инвестициялық ынтымақтастық жүйесіндегі позициясын нығайту қажеттілігі артып келе жатқан жағдайда, Еуропалық Одақпен инвестициялық өзара іс-қимылды бағалау мен ынталандырудың жаңа әдіснамалық тәсілдерін әзірлеу ерекше өзектілікке ие. Бұл міндеттің маңыздылығын Қазақстан Республикасында өңірлік және ұлттық деңгейде қолдануға жарамды кешенді инвестициялық тартымдылықты бағалау әдістемесінің болмауы күшейтеді.

Зерттеудің өзектілігі оның ғылыми және тәжірибелік маңыздылығымен айқындалады. Жұмыс Қазақстанның экономикалық саясатының өзекті міндеттеріне жауап береді және ұлттық ғылыми ойдың дамуына үлес қосады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты алғаш рет кеңістіктік эконометрика моделдерін қолдана отырып кешенді талдаудан өткізуінде, бұл оның ғылыми және тәжірибелік құндылығын айқындайды.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі заманғы үрдістерді, құрылымдық сипаттамаларды және инвестициялық ағындардың кеңістіктіктегі бөлінісін кешенді талдау негізінде Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты жандандырудың ғылыми негізделген басымдықтары мен тетіктерін әзірлеу.

Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу шеңберінде ғылыми талдаудың негізгі бағыттарына сәйкес келесі міндеттер шешіледі:

– жаһандану жағдайындағы инвестициялық ынтымақтастықтың ұғымын, мәнін және нысандарын айқындау;

– инвестициялық әлеуетті бағалау мен өңірлік дамудың интегралдық көрсеткіштерін әзірлеуге арналған әдіснамалық тәсілдерді талдау;

– кеңістіктіктегі авторегрессиялық модельдердің теориялық негіздерін, олардың жіктемесін және инвестициялық зерттеулерде қолдану мүмкіндіктерін зерттеу;

– Орталық Азия мемлекеттері мен Еуропалық одақ арасындағы инвестициялық өзара іс-қимылдың ерекшеліктерін талдау;

– кеңістіктіктегі автокорреляцияның Қазақстан өңірлерінің инвестициялық әлеуеті мен нақты инвестициялар ағыны көлеміне әсерін бағалау;

– Қазақстан Республикасының өңірлік деректері негізінде кеңістіктіктегі авторегрессиялық модельдердің эмпирикалық тексерісін жүргізу;

– Еуропалық одақтан Қазақстанға келетін тікелей шетелдік инвестицияларды олардың динамикасын, салалық және өңірлік құрылымын ескере отырып талдау;

– Қазақстан өңірлерінің «Инвестициялық әлеует индексі» атты интегралдық көрсеткішін әзірлеу;

– анықталған заңдылықтар мен ықпал етуші факторларды ескере отырып, Қазақстан өңірлерінің инвестициялық тартымдылығын арттырудың басымдықтары мен тетіктерін айқындау.

Зерттеу нысаны – жаһандану мен өңірлік экономикалық интеграция жағдайындағы экономикалық қатынастар мен институционалдық өзара іс-қимылдар жүйесі ретіндегі Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы инвестициялық ынтымақтастық.

Зерттеу пәні – Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы инвестициялық өзара іс-қимылдың экономикалық қатынастары, заңдылықтары мен тетіктері, олар тікелей шетелдік инвестициялардың салалық, өңірлік және кеңістіктік құрылымында, инвестициялық тартымдылық факторларында және ынтымақтастықтың институционалдық жағдайларында көрініс табады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін экономикалық теорияның іргелі еңбектері, заманауи эконометрикалық тәсілдер және кеңістіктік деректерді талдау әдістері құрайды.

Эмпирикалық базаны халықаралық ұйымдардың деректері, Қазақстан мен Еуропалық одақ институттарының ресми статистикалық мәліметтері қалыптастырды, бұл инвестициялық ағындардың динамикасы мен құрылымын репрезентативті талдауға мүмкіндік берді.

Ғылыми жаңалығы.

Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты талдаудың кеңістіктік эконометрика құралдары мен классикалық экономикалық-статистикалық әдістерді біріктіретін кешенді әдіснамасы ұсынылды. Мұндай тәсіл инвестициялық процестерді бағалау кезінде өңіраралық өзара байланыстар мен кеңістіктік әсерлерді ескеруге мүмкіндік береді, бұл бұған дейін қазақстандық зерттеу тәжірибесінде қолданылмаған.

Кластерлік талдау негізінде Еуропалық одақтың инвестор-мемлекеттерінің түпнұсқалық жіктемесі әзірленді. Ол инвестициялық мінез-құлықтың төрт стратегиялық түрін айқындауға мүмкіндік берді: стратегиялық инвесторлар мен транзиттік хабтар, консервативті инвесторлар, әртараптандырылған шағын инвесторлар және проблемалық активтері бар инвесторлар. Бұл типология инвестициялық ағындарды реттеудің сараланған

шараларын әзірлеуге және ұлттық инвестициялық саясатты шетелдік серіктестердің түрлі мінез-құлық модельдеріне бейімдеуге негіз қалайды.

Қазақстан тәжірибесінде алғаш рет өңірлік инвестициялық процестерді зерттеу барысында кеңістіктік авторегрессиялық модельдер кешені (SAR, SEM, SDM) қолданылды. Бұл тәсіл ел өңірлері арасындағы маңызды кеңістіктік тәуелділіктерді (ρ = 0,54–0,58) айқындауға және кеңістіктік әсерлердің инвестициялық белсенділікке статистикалық тұрғыдан мәнді ықпал ететінін дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Қазақстан өңірлерінің инвестициялық әлеуетінің «Индексі» атты интегралдық көрсеткіш құрылды. Ол дәстүрлі макроэкономикалық индикаторлармен қатар инновациялық белсенділікті, институционалдық сипаттамаларды және кеңістіктік өзара байланыстарды қамтиды. Бар тәсілдерден айырмашылығы, бұл индекс өңірлердің инвестициялық тартымдылығын кешенді әрі көпөлшемді бағалауға мүмкіндік береді.

Кеңістіктік талдау мен инвестор-мемлекеттердің кластерлену нәтижелеріне негізделген инвестициялық ағындарды дифференцияланған реттеу тұжырымдамасы негізделді. Ол фрагменттелген салалық жоспарлаудан өңіраралық инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыруға көшу қажеттілігін көздейді, мұнда аумақтық әсерлер мен әртүрлі инвестор топтарының мінез-құлық ерекшеліктері ескеріледі.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар

– «Инвестициялық ынтымақтастық» ұғымына авторлық анықтама беріліп, оның мазмұны синергетикалық әсер мен тәуекелдерді әртараптандыруға бағытталған, стратегиялық бағдарланған әрі институционалдық рәсімделген экономикалық өзара іс-қимыл нысаны ретінде ғылыми тұрғыда негізделді. Бұл түсінік тар мағынадағы тікелей инвестициялардан ерекшеленеді;

– Өңірлердің инвестициялық тартымдылығын кешенді бағалау екі интегралдық көрсеткішті – инвестициялық әлеуеттің $ИИП_1$ және $ИИП_2$ индекстерін параллель есептеу негізінде әзірленді. $ИИП_1$ индексі факторлардың ықпалын салыстырмалы ету мақсатында теңгерім қағидаты бойынша құрылған, ал $ИИП_2$ индексі негізгі компоненттер әдісі арқылы көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстардың объективті құрылымын ескере отырып есептелді.

Әдістеме t-тесті негізіндегі статистикалық талдау арқылы верификацияланды, бұл өңір мен ел бойынша инвестиция көлемдерінің орташа мәндерінің теңдігі туралы гипотезаны тексеруге мүмкіндік берді. Мұндай тәсіл инвестициялық белсенділіктің аумақтық асимметриясын сандық тұрғыдан бағалауға және статистикалық мәнді ауытқуларды айқындауға жол ашты;

– Еуропалық одақ елдерінен келетін шетелдік инвестицияларды сараланған реттеу әдістемесі ұсынылды. Ол кластерлік талдау нәтижелеріне негізделген және бірыңғай ережелерден мақсатты режимдерге өтуді көздейді: транзиттік юрисдикцияларды бақылаудан бастап жоғары технологиялық секторларға «сапалы» инвестициялар тартуға дейін;

– Өңірлердің инвестициялық тартымдылығын бағалау әдістемесіне және Бірыңғай инвестициялық стандартқа кеңістіктік-уақыттық модельдеу негізіндегі инвестициялық ағындарды басқару тетігін енгізу ұсынылды. Бұл тетік ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындардың жоғары үлесі бар жобаларды мақсатты салықтық жеңілдіктер жүйесі арқылы басым қолдауды институционализациялауды қамтамасыз етеді. Аталған тетікті іске асыру «сапалы» инвестициялардың үлесін 2029 жылға қарай 45%-ға дейін арттыруға және инновациялық бағытталған экономикалық салалардың дамуына серпін беруге мүмкіндік береді;

– талдау ҚР инвестициялық саясатының жүйелі шектеулерін айқындады. Шешім ретінде үш бастамаға негізделген интеграциялық басқару жүйесіне көшу ұсынылады: Портер ұсынған «ақылды-мамандану» тұжырымдамасы, өңірлердің ұлттық рейтингі және цифрлық мониторинг платформасы. Бұл шаралар аумақтық әркелкілікті төмендетіп, инвестиция тартудың фрагментарлық тәсілінен стратегиялық жаңғыртуға көшуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық маңызы – инвестициялық ынтымақтастықты талдау әдіснамасын кеңістіктік эконометрика мен кластерлік талдау әдістерін біріктіру арқылы жетілдіруінде.

Жұмыстың практикалық құндылығы – мемлекеттік органдар үшін қолданбалы құралдарды және ұлттық даму институттары мен өңірлік атқарушы билік органдарына бейімделген инвестициялық саясатты жетілдіру бойынша нақты ұсыныстарды әзірлеуінде көрініс табады.

Диссертациялық зерттеудің мемлекеттік ғылыми бағдарламалармен өзара байланысы. Зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру аясында AP26101487 «Жаңа экономикалық сын-тегеуріндер жағдайында Қазақстан Республикасының Орталық Азиядағы орнықты бәсекелестік артықшылықтарын дамыту» жобасы бойынша орындалды.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары автор тарапынан халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды, сондай-ақ ҚР ҒЖБМ БҒССҚЕК ұсынған басылымдарда және Scopus деректер базасында индекстелетін халықаралық журналда жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан құралған. Жұмыс көлемі – 167 бет. Зерттеу 2 диаграммадан, 13 графиктен, 25 кесте және 1 сызбаны қамтиды. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 164 дереккөзден тұрады.